



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ӘОЖ 811.111'25

АУДАРМА МӘТІНДЕГІ ЖАЗУШЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Шайхина Гүлшат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кызырова Ә.М.

Аударма бұл өте күрделі және көп салалы адами іс әрекеттің бір түрі. В. Н. Комиссаровтың анықтамасы бойынша, аударма – бұл аудармалық әрекет, оның негізгі мақсаты аударма тілінде көркем-эстетикалық әсер ете алатын шығарма жасау. Сонда, көптеген әдеби сыншылардың ойынша аударма – бұл өнер, онымен тек қана эстетикалық қағидаларға сүйенетін тіл шеберлері айналыса алады. Мәтін – бұл тіл шығармасы, оның көмегімен вербалды коммуникация іске асады. Аудармашы осы түпнұсқада берілетін толықтықты қабылдай ала алуы және онымен құрылып жатқан аударма мәтінін толық және дәл бере білуі керек. Әрбір аударма шығармашылық үдеріс ретінде аудармашының даралығын белгілеуі керек, бірақ аудармашының негізгі мақсаты түпнұсқаның ерекшеліктерін жеткізу және түпнұсқаға сәйкес көркем және эмоционалды әсерін барабарлы жеткізу үшін, аудармашы ең жақсы тіл амалдарын: синонимдерді, сәйкес болып тұрған көркем бейнелерді және сол сияқтыларды табу керек. Мен бүгінгі тақырыбыма байланысты қазақ халқының көп ғасырғы рухани ізденістері мен қазынасының жемісі, жиынтығы, әрі жаңа сатыға көтерушісі бола алған қазақ жазушыларының тілдік ерекшеліктеріне тоқталамын. Өзімізге мәлім, Абайдың қырық бес қара сөздері, үш жүзден аса аудармасы бар, бірақ ақынның өлеңдерінің нақты саны жоқ. Қазіргі таңда Абай шығармалары отыз үш тілден аса тілге аударылған [2,4556.]

Шығыс ақындары дәстүрлі жыр еткен тақырыпқа Абай да шығарма жазуы, сюжет құрамында Низамидің «Ескендірنامه» дастанының бірер көріністеріне аз да болса ұқсас баяндау келтіруі, шығарманың дидактик, адамгершілік, гуманистік ойлармен аяқталуы - Абай «Ескендірінің» шығыс классикасымен байланысы, міне, осы белгілер төңірегінде болып келеді, ал поэманың тақырып шешілімі, мазмұны, кейіпкер суреттеулері мен одан шығатын қорытындылары шығыс шығармаларынан әлдеқайда өзгеше. Ең алдымен көзге түсетін өзгешелік - ол қазақ ақыны Ескендірді тарихқа, шын өмірі мен әрекеттеріне жақындата суреттеуі. Тарихта болған адамның көркемдік бейнесін суреттеуде тарихи шындық негізін сақтаған. Абай өз дастанына оның шын бейнесін елестететін деректерді негіз етеді. Ескендір туралы тек шығыс елдері шығармаларымен шектеліп қалмай, ақын өзіндік зерттеу, ізденулер жүргізген. Сондықтан да бұл дастанда ақын мұрасына тән өз халқының, шығыс және орыс, сол арқылы Батыс Еуропа мәдениеттерінің табиғи ұштасу белгілері айқын көрінеді. Батыс классиктері Шиллер, Гете, Байрон, А. Мицкевичтің кейбір өлеңдерін Абай Құнанбаевтың алғаш рет қазақ тіліне аударуы халқымыздың рухани тарихында маңызды құбылыс болды. Жарқылдаған романтикаға толы, игілік пен сұлулықты, сүйіспеншілік пен сенімді паш ететін Шиллердің ғажайып жарқын поэзиясы абзал адамгершілікті, шындықты, әділет идеяларын аңсаған барлық адамдар сияқты Абайды да қатты қызықтырған. Шиллер шығармаларымен Абай орыс ақындарының, көбіне-көп Лермонтов аудармалары арқылы

танысты. Шиллердің Лермонтов аударған «Бесіктегі бөбек» деген шағын өлеңін мазмұны мен жол сатылығын сақтай отырып, Абай оны қазақшаға еркін аударған да, соңғы екі жолда есейген шақта өмірі тиышсыздыққа, ізденістерге душар болатыны туралы айтады. Сөйтіп, Шиллер өлеңіндегі бақытты балалық шақты қызықтау мен есейгенде адамның өмірден тілейтін талабы көбейетіні туралы ойды қазақ ақыны сәл өзгерткен: «Кең жайлау - жалғыз бесік жас балаға, Алла асыраған пендесі аш бола ма? Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге, Тыныштық пен зар боларсың баспанаға...» Гете қазынасына қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың да қызығуына Лермонтовтың әсері мол болды. Гете шығармаларының орыс тіліндегі ең тәуір аудармалары, мысалы, Жуковский аударуындағы «Орман патшасы», А. Н. Толстой аударуындағы «Коринф қалыңдығы» қатарынан саналатын Лермонтов аударған «Тау шындары» лирик. туындысын Абай қазақшаға еркін тәржімелеген «Горные вершины Спят во тьме ночной. Тихие долины Полны свежей мглой; Не пылит дорога, Не дрожат листы... Подожди немного - Отдохнешь и ты...» деп келетін тамаша пейзаждық көріністі Абай дәлме дәл дерлік, шебер аударған.

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым жырт, дел-сал қып,
Түн басады
Шаң шығармас жолдағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы
Сабыр қылсаң азырақ».

Абай Гете шығармашылығына қызыққан. Гете шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша Гете өз өмірінде 1600-ге тарта өлең жазған. Солардың көбі халық өлеңдеріне айналған; дүние жүзінің ең тәуір композиторлары олар үшін музыка шығарған. Осы әлемге ән боп тарап кеткен Гете өлеңдерінің бірін Абай да аударып, өзі ән шығарып, қазақ сахарасына жайып жіберген. Абай аудармаларының ішінде ұлы ағылшын ақыны, революцияшыл романтизмнің көрнекті өкілі Джордж Ноэл Гордон Байронның әйгілі «Еврей сазы» топтамасынан «Көңілім менің қараңғы» деген өлеңі бар. Абай бұл өлеңге тегін назарын аудармаған. «Еврей сазынан» Абай ұлттық езушіліктің зардабын тартқан жазықсыз адамдардың қайғы-шерін, азап-азасын естіді. Бұл өлеңнің өзегі болған езілген халыққа деген ықылас - ілтифат, гуманизм идеялары, қиындық кезде сол езілген халықпен бірге ауыр жүк көтерісер сөз бен саздың күші мен құдіретін сүюшілік қазақ ақынына да қатты әсер етпей қалмады. Өз халқының да отарлық әрі ұлттық езушілік зардабын тартқан мүшкіл халіне қанық қазақ ақыны Байронның «Көңілім менің қараңғы» өлеңін аударғанда түпнұсқаның негізгі мазмұны мен бағытын дәл сақтап, қазақ өлең өлшемдеріне, ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, еркін сілтеген. Түпнұсқадағы кейбір сөз, мысалы, «алтын арфа» қазақ оқушылары мен тыңдаушыларына түсінікті «алтын домбыра» деген сезбен ауыстырылған.

Алтын домбыраны шертіп тартушы ақын Абай аудармасында өмірінде көп азап шеккен, бірақ, көңілі жарқын үмітке, бойы қайратқа толы, ұмтылыс-серпіліске, батыл қимылға, күреске бейім жан болып бейнеленеді. «Қатып қалған кезімде бір тамшы жас» - адам азабының, сорының ауырлығын ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге адам бойындағы сарқылмас күш, мұқалмас жігер, айбарлы ашу айбатының да елесі іспетті. Өзінің көрген азабын езілген халық тек ақынына ғана сеніп айта алған, ақыны ғана оның жоқшысы, өкілі бола білген. Байрон өлеңіндегі бұл өмір шындығы алыстағы сахара елінің өмір жайына да жақын, танысты. Сондықтан да Байронның «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын» өлеңі Абай аудармасында қазақтың төл өлеңіндей түсінікті болып, ел арасына кең тарады.. Поляк ақыны А. Мицкевичтің жарқын есімі әлем әдебиетінің ұлы классик жазушылары. Абай Құнанбаев шығыс ақындарынан бірінші болып Мицкевич өлеңін аударды. Аудармасын «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деп жалпы атауына қарағанда, Абай Мицкевичтің бірнеше өлеңін аударғанға ұқсайды. Абайдың төл шығармаларының өзі бізге толық жетпегені сияқты, аудармалары да түгел сақталмай, жоғалып кетуі әбден ықтимал.

Мицкевичтен Абай аударған екінші өлең - «С. Б. альбомына». Бұл өлеңнің кімге арналғаны әлі толық анықталмаған. Мазмұнына қарағанда бұл өлеңді ақын декабристер және 1830 жылғы поляк қозғалыстарынан кейін Европа реакциясы етек алған ауыр жылдарда жазған. Ақынның көңілсіз, минорлық көңіл-күйі, жарқын келешектен үміт еткен кездерін еске түсіріп қамыққан жайы, «ызындаған боран-бұрқасын» жағдайындағы қапаланған хәлі айқын сезіледі. Мазасыз боранды реакция бейнесі деуге болады. Түпнұсқаның жалпы мазмұнын сақтай отырып, бұл өлеңді қазақ тіліне еркін аударған да, өз тарапынан «дүрілдеген найзағай», «бұрқыраған жауын», «бағы қайтқан қауым» сияқты сөздер қосып, өлеңге едәуір қоғамдық-саяси рең берген. Мицкевич өлеңіндегі соңғы шумақ Абайда жоқ. Абай аудармаған ба, әлде аударса да бізге жетпей жоғалып кеткен бе - ол арасы белгісіз. Абай аударған осы тамаша лирикалық өлең екі ақынның көңіл-күй әлемінде бір-біріне жақын үндестіктер, орайлас ойлар болғанын да аңғартады. Ағылшын басқыншылығы мен жүз жылдық азаттық күрес кездерінде ерекше ерлігімен көзге түскен француз халқының батыр қызы Жанна д'Арктың есімін қазақ ақынының құрметпен еске алуы да оның өзге елдер тарихымен мықтап шұғылданғанының айғағы. Отыз жетінші сөзінде А. Құнанбаев көпшілік үшін қандай қиындықтан болса да бас тартпаған ержүрек жандардың қатарында Жанна д'Аркты атап: «Оны отқа жаққан кім?» - дейді де, тобыр топастығы, надандық екендігін ашық әшкерелейді. Әуезов көрсеткендей Абайдың ауызша айтуы бойынша халық арасында ертекке айналып кеткен А. Р. Лесаждың «Ақсақ француз», Александр Дюманың «Үш ноян», «Он жыл еткен соң», «Патша әйел Марго» романдары соның куәсі. «Қызыл сақал» деген атпен ертеке түрінде айтылған инквизиция заманының романы, Африка, Америка, Австралия тұрғындары жайынан әңгімелер, «Валентин Леви», «Аза жүрек», «Ягуар Медуленец» т. б. әңгімелері сол Абай әңгімелеген қалыпта қағазға түсірілмей қалған. Сөйтіп, халықтардың рухани, мәдени қазыналары алмасу арқылы бірін-бірі тану-білу тарихында қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың орны ерекше. Дүние жүзі мәдениеті тарихында маңызы зор болған көне заман деректеріне қазақ ақынының назар аударуы, сол тақырыпта шығарма жазуы, Батыс Европа классиктерінің кейбір өлеңдерін қазақ тіліне аударуы, біраз әдеби туындыларды ауызша елге таратуы - қазақ әдебиетіндегі тағы бір соны да игі, маңызы зор тың бастама болды. Бұл жаңалық қазақтың ұлттық әдебиетінің тар шеңберден шығып, бүкіл адамзаттың көркемдік даму құбылыстарымен байланыста дамуына жол ашты. Абай сол жолда ез халқының ғасырлар бойғы рухани мәдениеті мен әлем әдебиетінің алтын қорын жалғастырушы көпір қызметін атқарған. [1]

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің творчестволық еңбектерінде аударма үлкен орын алды. Ол өз шығармашылығын дамыту үшін орыстың ұлы жазушыларының еңбектерін аударып отырып, солардан үйренуді, үлгі алуды мақсат етті. Оның аудармаларындағы үлкен ерекшелік сол – ол аударманы тек аудару үшін ғана емес, өзінің көкейтесті армандарын, бойын кернеп, жүрегін тулатқан сезімдерін орыс данышпандарының сөздері мен солардың шеберліктерін пайдалана отырып, жеткізу үшін аударды. Оның творчестволарында аудармалық еңбек пен өздері жазған еңбектерінің бір-бірінен айырғысыз болып кеткен себебі де содан. Алтынсарин аударылатын шығармаларды ең алдымен өзінің педагогтық-тәрбиешілік көзқарасының тұрғысынан іріктеген. Ол хрестоматияға берген алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім» дейді. Содан - ақ Ыбырайдың қандай мақсатпен келгені айқын.

Алтынсариннің аудармада айырықша көңіл бөлген бір мәселесі диалог жасаудағы өзіндік принципі. Ыбырай диалог сөйлемдерде де қазақтың ауызекі тіл синтаксисі жүйесіне негіздей отырып, жаңа сөйлемдік түр жасауды ұмыт қалдырмайды. Салыстырыңыз: «— Что тебе нужно? – спросил Бауақас. – Разве я не дал тебе милостыню?». «Милостыню ты дал, – сказал калека, – но еще сделай милость – довези меня на твоей лошади до площади, а то и лошади и верблюды как бы не раздавили меня». « Мен қайыр бергенім жоқ па, енді не керек?»

– деді Бауақас. Тіленші айтты : Қайыр бердің, бірақ тағы бір қайыр қыл, мені мінгестріп орман ортасына жеткізіп таста, әйтпесе базардағы ат пен түйелер басып кете ме деп қорқамын – деді». Осында Алтынсарин түп нұсқаның бүкіл сөз саптау, бейнелеу әдістерін айнытпай жеткізе отырып, әрі балама сөзді шебер қолдана отырып, «Тіленші айтты» деп алып, кейіпкерлердің сөздерінің аяғына тағы да «деді» дегенді жалғастырып отыруы қазіргі сөйлем жүйесінен оғаштау да. Бірақ бұл сол дәуірдегі ертегі, ауыз екі тілге тән құбылыс болатын. Осы уақытқа дейінгі аудармашыларға кездесіп отыратын қиыншылықтар Алтынсариннің да басынан өткен. Бұлардың бірсыпырасы әр тілдің өзіне тән өзге- шіліктері, тұрақты сөз тіркестері, идиомалар, аудары латын тілде әлі баламасы жоқ жеке атаулар, тағысын тағылар. Алтынсарин бұл қиыншылықтардың көбін дұрыс және шебер шешіп отырған.

Ол өзінің ана тілін жетік пайдаланған. Сонымен қатар орыстың да кейбір сөздерін батыл енгізіп, түп нұсқаны неғұрлым дұрыс жеткізуге тырысады. Оның бұл жөніндегі қолданған тәсілдері өз алдына бір сала әңгіме. Ол жағы дербес талдауды қажет етеді. Біз бұлардың ішінен бір ғана грамматикалық форма туралы айтпақпыз. Айталық, Алтынсарин - лық (-лік, -дық, -тық, -тік) жұрнақтарын барынша өнімді қолданып отырған. Мысалы, «Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды», осындағы «патшалық етікшілер» деген сол кездегі ауызекі тілден гөрі, кітаби тілге жазба әдеби тәсілі болса керек.

Қазақтың халықтық тілін жете меңгерген Ыбырай оның сөздік қорын өз шығармаларында орынды пайдаланған, Ыбырай шығармаларының сөздік құрамы сан- алуан. Сондықтан анықталуға тиісті мәселенің бірі – Ыбырай лексикасының құрамы. Әсіресе, оның тіл байлығынан омонимдік, антонимдік, синонимдік және тұрақты сөз тіркестері қолдануының стильдік сырын ашу қажет. Бұл мәселелерді зерттеу үстінде Ыбырайдың тіл байлығы мен сөз қолдану шеберлігі айқындалмақ. Оның шығармаларында ішінара қолданылған араб- парсы, татар тілдерінің элементтері – қазақ тіліне әбден сіңіп кеткен, орфографиясы жатық, қазақ халқына жалпы түсінікті сөздер. Әрине, Ыбырай қазақ тілінің тазалығын айтқанда, басқа тілдермен мүлде қарым-қатынасқа түсіп, сөз ауысуына қарсы болмаған, тек шектен тыс түсініксіз, жалпы халыққа мағынасы мен грамматикалық формасы жағынан жат сөздердің араласуына қарсы болған. Ал халыққа түсінікті, ел аузында қолданылып, сіңісіп, үйреншікті болып кеткен сөздерді Ыбырайдың өзі де жатсынбай қолданған. Ыбырай шығармаларының лексикалық байлығы, оның семантика-стистикалық ерекшелігі омоним сөздерді тауып, орынды қолдануында. Бұл тәсіл тек Ыбырай шығармаларына ғана тән емес, ол үлгі алған ауыз әдебиетіне де тән.

Ғ.Мүсірепов жазушымызда аударма ісімен айналысқан. Орыс жазушылардың еңбектерін аударған. Оның жазушылық еңбегіне елеу болған Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой, Салтыков Щедрин сияқты орыс классиктері болды. Орыс, батыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аудару ісімен айналысты. Оның жүзге тарта публистикалық мақалалары жарық көрді. Ғ.Мүсірепов кейіпкерлері ұлттық ерекшеліктерімен көрініп, іс-әрекетімен, мінез құлқымен, өмірге деген өзіндік көзқарасымен дараланып берілген. Ол жасаған образдар ерекше типтік дәрежеге көтеріліп, оқушының жадында ұзақ сақталып қалады. Оның шығармаларын сол себепті сүйсініп оқыған. Жазушы шығармаларының тілдік ерекшелігі аз сөзге көп мағына сыйғыза білуінде, ащы сарказм, юморды жиі қолданылуында болып келеді. Мүсірепов әр сөзді өз орын орнына қолдана білетін, жеке сөйлемдерге синтаксистік сөзтіркестеріне аса зор жауапкершілікпен қарайтын суреткер, нәзік сезімді сөз зергері, нағыз стилист жазушы. Жазушыны өзгеден ажыратар өзіндік қолтаңбасын, өзіндік бет бедерін айқындайтын осындай қасиеті оның өзіндік стилі болып табылады. Стиль өте кең ұғым. Ол жазушының тақырып таңдауынан бастап, шығарманың идеялық мазмұны, жанры, композициясы, образ жасау, сөз қолданысы, поэтикалық, тіл көркемдігі т.б. толып жатқан компоненттерді толық қамтиды. Осы стиль ерекшелігімен ерекше көзге түсетін шебер жазушылардың бірі және бірігейі – Ғабит Мүсірепов.

Сөз өнерінің шеберлерінің (ақын, жазушы, драматург, очеркист, фельетонист) – бәрі де

халық тілінің байлығын пайдаланады. Бірақ олардың бар сөзді білу, игеру, пайдалану дәрежесі бірдей емес. Тек ірі суреткер жазушының ғана сөз байлығы өзгеден ерекше мол болады. Олар өзіне керекті тілде бар сөзді сарқа пайдаланып қоймайды, сонымен қатар өздерінің творчестволық әрекетінде жаңа сөз жасауы да, бар сөздерге қосымша стильдік қызмет беріп, олардың икемдігін арттырып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі?

1. Кеннан Дж «Сибирь и ссылка» . - СПб 1906.
2. Ауезов О. Абай Құнанбаев- В кн. Мысли разных лет. –А -А., 1961.
3. Абай энциклопедиясы Алматы: Атамұра баспасы, 455 б.
4. Казахская литература в оценке зарубежной критики. Сб. – А – А 1971.
5. Казахская литература и Восток –А – А 1982.
6. Саятпаева Ш.К. Казахско-Европейские литературные связи 19-1 –я половина А –А 1972.
7. Стиль сыры. –Алматы: «Ғылым», 1974. -335 б.

УДК 81'253

УЗУАЛЬНАЯ ПОДСТАНОВКА КАК СПОСОБ ПЕРЕДАЧИ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В ТЕКСТАХ УСТНЫХ ВЫСТУПЛЕНИЙ ПОЛИТИЧЕСКИХ ДЕЯТЕЛЕЙ

Ястребов Александр

alex.yastrebov.1990@gmail.com

Магистрант 1-го курса Кафедры общего языкознания и теории перевода
Филологического факультета Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – Ж.А. Бейсембаева

В Республике Казахстан с момента обретения независимости проводится большое количество различных мероприятий международного уровня, в связи с чем работа как синхронного, так и последовательного переводчика крайне востребована. Синхронный перевод в Казахстане становится все более и более актуальным среди прочих видов перевода в рамках проведения международных встреч на площадках Астаны, Алматы, курортной зоны Бурабай и других регионов.

В нашей статье мы намерены рассмотреть лишь одну из граней разносторонней работы устного переводчика – это особенности перевода фразеологических сочетаний в текстах устных выступлений политических деятелей. В своих выступлениях они часто прибегают к использованию фразеологических словосочетаний, так как фразеологические единицы являются средством образности речи любого народа. Перевод фразеологических словосочетаний необходимо осуществлять, передавая смысл, который был вложен спикером на языке оригинала.

По мнению Ванды Сергеевны Арутюнян исследования общественно-политической фразеологии – это одно из самых перспективных направлений в зарубежных исследованиях политической лингвистики [1, с. 31].

Вопросами перевода фразеологических единиц занимались такие известные ученые лингвисты и переводоведы как – В.С. Арутюнян, В.М. Мокиненко, Ю.П. Солодуб, S. Glucksberg, В. Оана. Также особо хочется отметить казахстанских ученых, проводивших исследования по данной теме, З.К. Курманову, М.А. Сыздыкову и Р.Р. Туякбаеву.

В данной статье дается сравнительно-сопоставительный анализ текстов выступлений известных политических деятелей. Особое внимание мы уделяем переводу фразеологических единиц с использованием переводчиком-синхронистом узуальной подстановки в качестве способа передачи смысла фразеологического выражения.